

ӘОЖ 398:908 (043.3)
ГТАХР 03.20
DOI 10.56525/ZOLJ4060

**СЕРІКБОЛ ҚОНДЫБАЙ:
ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫ**

ТАБЫЛДИЕВА О.Д.

Ш.Есенов атындағы Каспий
технологиялар және инжиниринг университеті
Ақтау, Қазақстан
E-mail: oryngul.tabyldiyeva@yu.edu.kz

Аңдатпа. Мақалада С.Қондыбай еңбектеріне берілген бағалар, артына қалдырған мұраларының ішіндегі ең маңыздысы қазақ мифологиясы мәселесі қарастырылған. Серікбол Қондыбай еңбектері «ұлттық руханиятымыздағы аса сирек құбылыс, күн сәулелі қаһарман, әлемдік феномен» деп бағаланды. Сонымен қатар, қазақ мифологиясы еңбектерінде ежелгі, қарабайыр ата-бабалар, әлем, оның жеке әлемдері, қарабайыр халықтардың осы әлемі үшін белгілі бір мифтер, проблемалар, идеялар егжей-тегжейлі талқыланады. Рухани мәдениеттің бірінші кезеңі адамзат мифі, сондықтан қазақ мифологиясының игерілуі қазақ психологиясының, мәдениеті мен әдебиетінің, тарихының түсініксіз беттері туралы жаңа идеялар алуға көмектеседі. Миф жалған өтірік емес, жасанды әлем емес, сонымен қатар нақты адамдар үшін әлемнің шындығына және өзіне, тарихи, рухани тәжірибеге негізделген ақиқат деп есептелінеді. Қазақстан мифологиясы-қазіргі Қазақстанның танымал жерлеріне қатысқан бірнеше мың жылдық ескі көшпелі тайпалық өмір туралы идеялардың бірыңғай жүйесі. "Қазақ мифологиясына кіріспе" атты еңбегінде С.Қондыбай мифология бар ма деген сұрақ туғызады. Жауабы ауызша мұрада-жырлар мен шежірелерде, әр түрлі ертегілерде, жұмбақтар мен діни жоралар түрінде, сондай-ақ қазақ тілінің сөздік қоры тереңде жасырылған деп сол еңбектерге сілтеме жасайды. Мифтік болмысты білдіретін мұра нақты қоғамға беріліп әдеби және ұлттық қалыптастырушы, тәрбиелік мақсаттар үшін қолданылады. Қоғам уақыт пен кеңістікте үздіксіз дамып отырады, сондықтан мифологияда да үнемі өзгеріп отырады. Миф ата-бабаларымыздың ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұмытылмас мұраларының жиынтығы. Сонымен бірге аңыздар біздің өмірімізге мән беретін сенімдер жиынтығы болып табылады.

Түйінді сөздер: миф, қазақ мифі, мифтік сана, арғықазақ мифологиясы, рухани дүние, феномен, мәдениеттану, діни әфсана, ұлттық руханият, кеңістік.

Кіріспе

Миф-дүниенің, жаратылыстың түрлі құбылыстары мен жердің жаратылуын, адамзаттың пайда болуын түсіндіріп баяндайтын прозалық шығарма. Типологиялық сипатына қарай қазақ мифі ежелгі (архаикалық), классикалық мифтер түріне жақын, мифтік уақыт пен сана, ежелгі ұғым мен ойлану дәстүрі сияқты әлемдік мифология белгілерін сақтағанмен өзіне тән ерекшеліктері бар. Классикалық мифтерде жеті қат әлемнің жаратылуы, алғашқы адамның дүниеге келуі мен оның жасампаздығы туралы, архаикалық

шығармаларда кейінгі мифтік сананың дамыған тұсындағы дүниенің жаратылуы, адам мен оның ортасы, жер бетіндегі өзге де тіршілік иелерінің мінез-құлқы т.б түсіндірмелі, танымдық сипатта баяндалады. Сонымен бірге генеалогиялық туындыларды адамдар мен рулардың шығу тарихы туралы баяндалады. Қазақ мифтері туралы әр кезеңдерде Ш.Уәлиханов, Ә.Марғұлан, Ә.Қоңыратбаев, С.Қасқабаев, Ш.Ыбыраев, Е.Тұрсынов, С.Қондыбай, А.Тойшанұлы сынды ғалымдар арнайы зерттеулер жазды [1].

Қазақ «көзден кетсе көңілден де кетеді» дейді. С.Қондыбай аз өмір сүрсе де артында қалдырған мол ғылыми зерттеулері мен мұрасы арқылы қалың жұрт, ел есінде. Оған себеп оның адамдық қадір-қасиеті адал көңілі, тылсымды танытқан білімі, қажырлы еңбегі мен жоғары дүние танымдық болмысы.

С.Қондыбайдың еңбектеріндегі жаңаша пікірлері мен қиысқан ой-қиялы, салыстырмалы түрде қолданған дәлелдерінің жаңашылдығы, жұртшылықты толғанып жүрген мәселелерге орай құнды пайымдаулары оқырманын өзіне тарта түседі. Еңбектеріндегі кейбір пікірлері бізге тосын көрінгенімен, осы уақытқа дейін қалыптасқан дәстүрлі түсініктерді жаңаша зерделеуі оның - «Күн сәулелі қаһарман», «Әлемдік феномен», «Қазақтың жаңару, жарқырау дәуіріндегі айрықша құбылыс» аталуына себепші болды.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Мақала С.Қондыбайдың зерттеу еңбектеріне, мерзімді басылым беттерінде жарияланған әртүрлі мазмұндағы мақалаларға арқа сүйеді. Зерттеліп отырған мәселені терең әрі жан-жақты қарастыру және тарихнамалық фактілерді негіздеу мақсатында тарихшылардың тақырыпқа қатысты еңбектері қосалқы түрде пайдаланылды. Тарихнамалық тұрғыда дайындалған мақалада өткен кезеңдердегі тарихи ойды зерттеуге мүмкіндік беретін тарихилық принципін қолданды. Авторлардың өзіндік тұжырымдары мен қорытындыларына баға беруде объективтілік, әлеуметтік қағидаларды пайдаланды. Ғылыми зерттеуде тарихнама ғылымының талдау, салыстырмалы-тарихи, проблемалық-хронологиялық, өзектілік тәрізді әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелері

Біздің жерлесіміз, Әбіш Кекілбаев Серікболға дарынды ғалым, біздің ұлттық руханиятта сирек кездесетін құбылыс деп, еңбектеріндегі сан ғылымдар бойынша деректерді салыстыруы, зерттеудің концептуалды мәніне оң баға беріп, былай дейді: «Арамыздан ерте кеткен талантты ғалым Серікбол Қондыбай- ұлттық руханиятымыздағы аса сирек құбылыс. Ол этнография мен археология, география мен ономастика, эпос пен тарих, мифология мен философия деректерін салғастыра зерттеп, түріктану мен қазақ тануға мейлінше үлес қосты. Отандық ғылым үшін жемісті болар жаңа бағыт бастап берді. Ол қалдырған мұраның деректік, пайымдамалық құндылықтары мен мәнділіктерін зерделеу - осы заманғы ұлттанудың қалыптасуы мен кемелденуіне оң ықпал етері сөзсіз. Бұл саңлақ таланттының саяқ зерттеушілік ізденістеріне, ерек елжандылығы мен еңбексүйгіштігіне таң қалмасқа шара жоқ!.. Арманда кеткен азаматтың жер бетіндегі ізі суымай жатып, ол қалдырған еңбектердің сиясы кеппей тұрып ғылыми сарапқа түсуі-аса сүйінішті жағдай». Ал Айт-Ман ақын «тоғыз миллион адам тоғыз жыл аяқтамаған істі бітірді» -деп бағалады.

Белгілі зерттеуші ғалым, профессор Акселеу Сейдімбек С.Қондыбайдың еңбектеріндегі ауқымды материалды талдауына назар аударып, қазақ мифологиясына қайта құру жүргізді деп бағалайды. «Ой-сана көкжиегі» атты мақаласында былай деп жазады: «С.Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы» атты зерттеуінде қазақ мифологиясына қатысты мол материалдар жинақтап, оны тілдік, мәтіндік, наным-сенімдік, салт-дәстүрлік және заттық айғақ ретінде саралап, қазақ мифологиясын кең көлемде реконструкциялап шыққан».

Тарихшы ғалым Қойшығара Салғараұлы С.Қондыбай еңбектеріне назар аударып, қысқа өмірінде өз мақсаттарына жету үшін барлық мүмкіндіктерді пайдаланы білген азаматтық тұлға ісі деп атап өтеді: «Серікболдың артында қалдырған рухани мол мұрасын

тану үшін, жасалынған ғылыми тұжырымдардың паркын пайымдап, құндылық деңгейінің қаншалықты маңыздылығын сараптап, жете түсінуіміз үшін, ең алдымен, осы мұраларды тудырушы Серікболдың өзінің кім екенін, оның азаматтық болмысын танып білуіміздің, дұрыс түсінуіміздің маңызы зор. Бұл арада, мәселе әрине, оның Маңғыстаудың баласы екені, болмаса университет бітіргендігі секілді өмірбаяндық деректі білуде емес. Мәселе-әлемдік өркениеттен тысқары, шалғай жерде өмір сүріп, тым қысқа ғұмыр кешкеніне қарамай, қыруар іс тындыра алған осы бір ғажайып жанның жан дүниесіне үңіліп, оның арман-аңсарын, көздеген мақсат-мүддесін танып білуде, тағдыр тауқыметінің тар қыспағында, бір тірлігі біреуге тәуелді болып, ертеңінің не боларына сенім арта алмай белгісіз күй кешкен дәрменсіз ауру жанның тіршілік иесі ретінде емделіп, жазылудың жолын іздеп, бар мүмкіндігін тән саулығын түзетуге жұмсаудың орнына, үлкен қалада, төрт құбыласы түгел, сау адамдардың өзінің батылы барып, білімі жетіп тәуекел ете алмайтын соныға түрен салып, өз еркімен, жанкешті азапты тірлікке өлермендікпен жегілуінің себебін ашуда»-дейді [2].

Атақты мәдениеттанушы, жазушы Таласбек Әсемқұлов С.Қондыбай еңбектеріндегі мифтердің түпнұсқалық ашылуында ата-бабалар жалғастығы бар дей келе: «Шынына келетін болсақ Серікбол Қондыбайдың ашқан жаңалықтары, сол баяғы мың жылдан астам уақыт бұрын Әл-Фараби сияқты кемеңгер бабасы салған көне жолдың бүгінгі жалғасы, таза қазақ мүддесіне бағындырылған отандық ғылымның қайтадан жандануы, жаңғыруы. Серікбол өнернамасының ұлы тағылымы да осында»-деп бағалайды.

Филология ғылымдарының кандидаты Б.Ақбердиева: «Серікболды таңбаланған, белгіленген, Жоғары құдіреттің адамдарға жіберген елшісі деп қабылдауға тиіспіз. Серікбол-құбылыс»-дейді.

Жазушы, әдебиеттанушы А.Кемелбаева «Серікбол Қондыбай. Жәдігер» атты мақаласында рухани қазынаны сақтаушы ретінде назар аударып: «С.Қондыбай-ескі мен жаңаның жалғаушысы, кеңістік пен уақыттың рухани мол қазынасын түзген абстракциялық аралықтағы жолбасшы. Ол көненің шырақшысы, сақтаушысы...»-деген.

С.Қондыбайдың студент кезінен бастап, ғұмырының соңына дейін мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрген мақалалары жинақталған 15 томдығындағы білім беру саласына қатысты пікірлері мен ұсыныстары таңқаларлық. Мақаласында болашақта еркін экономикалық аймақ, «жоғары технологиялық аймақтың» ұйымдастырылуы, Ақтау қаласында ғылыми, техникалық және зияткерлік әлеуетті пайдалануға мүмкіндігі, адами ресурстарды пайдалана білу туралы ойларын дәлелді көрсетеді. 1992 жылы «Маңғыстау» газетінде 28 наурызда жарық көрген «Ұлттық орталық ашсақ қайтеді?» деген мақаласындағы С.Қондыбай 30 жыл бұрын елімізде түрлі пікірлер тудыратын білім беру мәселесіне назар аударып қана қоймай, сондай-ақ шешімдерге назар аударып, былай дейді: «...Маңғыстаудың болашақ еркін экономикалық аймақ ретінде жобаланып отырғандығын ескере отырып, осында «жоғарғы технология зонасын» ұйымдастыру. Оған Ақтау қаласының ғылыми-техникалық және интеллектуалдық потенциалын пайдалануға мүмкіндігі бар. Соның бірі-Ақтауда жаңа үлгіде ұлттық не аймақтық университет ашу. Оңтүстік Батыс Қазақстан, Қарақалпақ, Түрікменстан регионнда 1 миллиондай қазақ тұрады, бірде-бір жөнді оқу орны жоқ, ал өлке таланттары не ауылда «көміліп», не астана «орыстарының» арасына сіңіп кетіп жатыр. Егер осындай оқу орны ашыла қалса, өмірдің сан қилы саласы-электроника, мұнай, газ химия, экология, қазақ тілі, шет тілі, шөлейттегі егіншілік, су мәселесі, энергетика, теңіз және балық, медицина, атомшылар т.б. ұлттық маманмен толығар еді-ау деген үміт те жоқ емес. Ескіні өзгертуден гөрі, жаңадан салу оңай екендігі айқын, жаңа университетте соңғы курстарында тек шет тілінде (ағылшын, француз) оқытса, ал оған дейін қазақ тілінде тәлім берсе, құба-құп. ... Бірақ та ең алдымен осыларды жүзеге асыратын-адам, ол адам өзгермейінше, іс түкке де аспайды» [3].

Г.Жүгенбаева «Дәстүрлі ауызша тарих теориялық-методологиялық және деректемелік аспектілері» атты монографиясында былай дейді: «С.Қондыбайдың «Арғықазақ мифологиясы» атты бірнеше кітаптан тұратын еңбегінде мифология «ойдан

шығарылған қиял емес, ақиқаттың өрім қамшысы» ретінде бағаланып, руханиятымыздың сан қырлылығын ашып көрсетуге ұмтылды»-дейді [4].

«Миф» деген сөзді жұрт екі түрлі, біріне бірі кереғар келетін мағынады түсінеді. Баспасөз беттерінде осы «миф» деген сөздің «ертегі сияқты, яғни өтірік, жалған, ойдан шығарылған, қиял» мағынасында берілетіндігін де байқаймыз. Миф - ата-бабалардың ежелгі, бастапқы танымындағы ғалам, оның жеке дүниелері, сол ғаламның алғашқы пенделерінің өмірі хақындағы түсініктері. Олардың қатарына аспан, жер, су дүниесі мен жер асты, осылардың тұрғындары, яғни тәңірлер мен тәңіриелер, құбыжықтар мен перілер, дәулер, жасампаз батырлар мен ел терушілер, ілкі адамдар, ғажайып мақұлықтар мен т.б. заттар жатады. Мифология дегеніміз-солар туралы аңыз-әңгімелердің жиынтығы және ғалам жөніндегі фантастикалық түсініктер жүйесі, ғалам картинасы. Ең ақырғысы аталмыш аңыздарды, олардың түпкі мотивтері мен идеяларын зерттейтін саланы да мифология деп атайды.

Миф-адамзаттың рухани мәдениетінің алғашқы сатысы, сондықтан қазақ мифологиясын меңгеру қазақ психологиясындағы, әдет-ғұрпындағы, мәдениеті мен әдебиетіндегі, тарихындағы әлі күнге шейін түсініксіз, ақтаңдақ болып отырған тұстарына түгел болмаса да белгілі мөлшерде жаңаша қарауға көмектесе алады.

Қазақ мифологиясы-бүгінгі қазақ халқын жасауға қатысқан бірнеше мың жылдық көшпелі ру-тайпалардың дүние-ғалам, өмір туралы түсініктерінің, танымдарының бірыңғай жүйесі. С.Қондыбай «Қазақ мифологиясына кіріспе» деген еңбегінде «қазақта мифология барма?» деген сауал қояды. Сауалға өзі төмендегідей жауап беріп, миф сөзіне өзіндік анықтамалар келтіреді: «Қазақта айқын «мөлдір сипаттағы» мифология жоқ. Ол ауыз әдебиетіндегі мұраларының-жырлар мен дастандардың, әртүрлі шежіре аңыздардың, ертегілердің, жұмбақ пен мақал-мәтелдердің, фразеологизм мен діни әфсаналардың астарында, сондай-ақ қазақ тілінің сөздік қорының қойнауында жасырынып жатыр»-дейді. «Миф» деген атауға берілген анықтамалар:

- ертедегі адамдардың адамтану, дүниетану көзқарастары, ақиқат танымы;
- бүгінгі ғылымның, өнердің, мәдениеттің бастапқы, бір-бірінен ажыратылмаған сатысы;
- ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан біздің ата-бабаларымыздың естелік мұраларының жиынтығы;
- жазба тарихтың басталуына дейінгі өткен оқиғалар туралы әңгіме, өткен мен бүгінді, бүгін мен ертеңді біртұтас етіп матайтын жіп;
- біздің бес сезіміміздің арғы жағында жатқан ақиқаттарды суреттейтін өзінше бір ғажайып тіл, түйсіктегі бейнелер мен саналы ойдың тілінің аралығында жатқан құрдым кеңістікті толтырады;
- қауымның, ру-тайпаның, ұлттың өзін-өзі анықтауының, өзтанымының негізі;
- адамгершілік, имандылық заңдарының барлық жиынтығы, біздің өмірімізге белгілі бір мән-мағына беретін сенім-нанымдар жиынтығы [5].

Қорытынды

Миф-ойдан шығарылған өтірік, жасанды дүние емес, нақты халықтың дүние мен өзі туралы шындығы, шын деп есептелінгендіктен тарихи, рухани тәжірибесіне сүйенген стереотиптік деңгейдегі ақиқаты. Миф-әрине тарихи айғақ емес, бірақ нақты бір тарихи қоғамның танымы, рухани дамуымен байланысты қалыптасқан, тарихи негізі, рухани дамуымен байланысты қалыптасқан, қисыны бар яғни «ақиқат» деп есептеуге болатын дүние [6]. Қоғам уақыт пен кеңістікте өзгеріссіз қалмайды, сондықтан мифте оған ілесіп өзгеріп отырған. Мысалы, бүгінгі қазақтың танымал мифі-оның Алаштың үш баласынан таратылғандығы. Бұдан басқа да мифтер бар, бірақ «Қазақтың Алаштың үш баласынан таралғандығы» жөніндегі миф арғықазақтардың көне руханиятына сүйеніліп, қазақ халқының тарихымен байланысты қалыптасқан қоғам ақиқаты.

Әр халықтың, мәдениеттің, діннің өз мифі бар. Тек осы мифтің танымал болу дәрежесі әр халықта әр түрлі. Біреулері оны дамыған күйінде сақтай алса, екіншілері оны

сақтай алмаған, ал үшіншілері-өздерінің фольклорындағы, тіліндегі, мәдениеті мен өнеріндегі мифті тани, таба алмайды. Өйткені, әр халықтың тарихи тағдыры әр түрлі болып шыққан, сондықтан, мифтік мұраны түсінудің, оның жасырылған шифрларының кілтін тауып ашудың нәтижелері түрліше болып шығып жатады. Дұрыс түсінілсе мифтік мұраның нақты қоғамға берері мол, ұшантеңіз. Шалағай түсініліп, оны тар мүдделі ортада, әсіресе саяси мақсаттарда пайдаланар болса мифтің қоғамға, нақты халыққа тигізер зияны да мол болып шығады. Аңыздар өмірлік ғибрат, тәлім-тәрбие, білім беру, яғни танымдық қызмет атқарып, қоршаған орта мен табиғаттың белгілі бір құбылысын түсіндіру мақсатында туындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

- [1]. Әлбеков Т. Дала фольклорының антологиясы: Он томдық. — Т.8: Прозалық фольклор: Аңыздар: оқұлық/ Н.М.Мурсалимова, А.Оралбек. - Алматы: Brand Book, 2020. – 472 б.
- [2]. Қондыбай С. Серікбол Қондыбай әлемі: оқұлық –Алматы: Brand Book, 2010. - 100 б.
- [3]. Қондыбай С. Таңдамалы мақалалары: оқұлық –Алматы: Brand Book, 2010. -100 б.
- [4]. Жүгенбаева Г. Дәстүрлі ауызша тарих теориялық-методологиялық және деректемелік аспектілері: оқұлық –Алматы: Brand Book, 2009. – 200 б.
- [5]. Қондыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе: оқұлық –Алматы: Арса, 1999. – 200 б.
- [6]. Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы: оқұлық –Алматы: Brand Book, 2008. – 320 б.

REFERENCES

- [1]. Albekov T. Dala fol'klorynyn antologijasy: On tomdyk. — T.8: Prozalyk fol'klor: Anyzdar: okulyk/ N.M.Mursalimova, A.Oralbek. - Almaty: Brand Book, 2020. – 472 b. [in Kazakh]
- [2]. Kondybaj S. Serikbol Kondybaj alemi: okulyk –Almaty: Brand Book, 2010. - 100 b. [in Kazakh]
- [3]. Kondybaj S. Tandamaly makalalary: okulyk –Almaty: Brand Book, 2010. -100 b. [in Kazakh]
- [4]. Zhygenbaeva G. Dastyrli auyzsha tarih teorijalyk-metodologijalyk zhane derektemelik aspektileri: okulyk –Almaty: Brand Book, 2009. – 200 b. [in Kazakh]
- [5]. Kondybaj S. Kazak mifologijasy na kirispe: okulyk –Almaty: Arsa, 1999. – 200 b. [in Kazakh]
- [6]. Kondybaj S. Arhykazak mifologijasy: okulyk –Almaty: Brand Book, 2008. – 320 b. [in Kazakh]

Табылдиева Орынгул Дуйсенбаевна

*Каспийский университет технологии и инжиниринга им. Ш. Есенова,
г. Актау, Казахстан*

СЕРИКБОЛ КОНДЫБАЙ: КАЗАХСКАЯ МИФОЛОГИЯ

Аннотация. В статье рассмотрены оценки трудов С. Кондыбая, а также наиболее важные из них – проблема казахской мифологии. Труды Серикбола Кондыбая были оценены как «редкое явление в национальной духовности, солнечный герой, мировой феномен». Вместе с тем, в трудах казахской мифологии подробно рассматриваются и даются определения проблемы мифов, представлений о древней, первобытной Вселенной предков, ее отдельных мирах, о жизни первобытных народов этой вселенной. Миф – это первая ступень духовной культуры человечества, поэтому овладение казахской мифологией может помочь по-новому взглянуть на то, что еще остается неясным в казахской психологии, обычаях, культуре и литературе, истории. Миф-это не выдуманная ложь, не искусственный мир, а реальность реального народа о мире и о себе, опирающаяся на исторический, духовный опыт, который считается истинным. Мифология Казахстана-это единая система представлений о древнем кочевом племенном быте, насчитывающем несколько тысяч лет участия в известных местах современного Казахстана. В своей работе «Введение в казахскую мифологию» С.Кондыбай ставит вопрос о том, существует ли мифология. Ответ в устном наследии-в псалмах и летописях, в различных сказках, в виде загадок и религиозных обрядов, а также в том, что словарный запас казахского языка скрыт

глубоко. Наследие, представляющее мифическое бытие, передается реальному обществу и используется в литературных и национально-формирующих, воспитательных целях. Общество непрерывно развивается во времени и пространстве и поэтому постоянно меняется и в мифологии. Миф представляет собой совокупность незабываемого наследия наших предков, передаваемого из поколения в поколение. В то же время легенды представляют собой набор верований, которые придают значение нашей жизни.

Ключевые слова: миф, казахский миф, мифическое сознание, аргыказакская мифология, духовный мир, феномен, культурология, религиозная мифология, национальная духовность, пространство.

Tabyldiyeva Oryngul Dyysenbaevna

Sh.Yessenov Caspian state university of technology and engineering, Aktau, Kazakhstan

SERIKBOL KONDYBAY: KAZAKH MYTHOLOGY

Abstract. The article discusses the evaluation of S. Kondybai's works, as well as the most important of them – the problem of Kazakh mythology. Serikbol Kondybai's works were evaluated as "a rare phenomenon in national spirituality, a solar hero, a global phenomenon." At the same time, in the works of Kazakh mythology, the problems of myths, ideas about the ancient, primitive Universe of ancestors, its individual worlds, about the life of the primitive peoples of this universe are considered in detail and defined. Myth is the first stage of the spiritual culture of mankind, therefore, mastering Kazakh mythology can help to take a fresh look at what is still unclear in Kazakh psychology, customs, culture and literature, history. A myth is not a made-up lie, not an artificial world, but the reality of a real people about the world and about themselves, based on historical, spiritual experience, which is considered true. The mythology of Kazakhstan is a unified system of ideas about the ancient nomadic tribal life, numbering several thousand years of participation in famous places of modern Kazakhstan. In his work "Introduction to Kazakh mythology" S. Kondybai raises the question of whether there is a mythology. The answer is in the oral heritage -in psalms and chronicles, in various fairy tales, in the form of riddles and religious rituals, as well as in the fact that the vocabulary of the Kazakh language is deeply hidden. The heritage representing the mythical existence is transmitted to the real society and is used for literary and national-forming, educational purposes. Society is continuously evolving in time and space and therefore constantly changing in mythology. The myth is a collection of unforgettable heritage of our ancestors, passed down from generation to generation. At the same time, legends are a set of beliefs that give meaning to our lives.

Keywords: myth, kazakh myth, mythical consciousness, argyказак mythology, spiritual world, phenomenon, cultural studies, religious mythology, national spirituality, space.